"Ағылшын тілін жетілдіру арқылы медиа сауаттылықты арттыру"
"KazTEA" ҚР ағылшын тілі мұғалімдері мен оқытушыларының Ұлттық қауымдастығы

Фасилитатордың аты: Молдир Есембаева
Ағын №: 4
Қала - Қызылрда
Кезең: қазан-желтоқсан 2022
Жобаға қатысушылар саны: 25

"Advancing English for Media Literacy" жобасына Қызылорда қаласынан жиырма бес қатысушы қатысты. Оның он тоғызы бакалавр дәрежесінің иегерлері, ал алтауы магистранттар болды. Сегіз оффлайн сессия өткізілді. Сессия күндерінен басқа, біз күн сайын WhatsApp чатында байланыста болдық.

Қатысушылардың көпшілігінде ағылшын тілі B1, ал кейбіреулерінде B2 деңгейінде. Біздің сессиялар қатаң ағылшын тілінде болғандықтан, бұл қатысушыларға ағылшын тілін білу деңгейін арттыруға көмектесті. Мысалы, кейбір қатысушыларда сөйлеу барысында белгілі бір барьер мен сенімсіздік бар болатын, сол қатысушылар үшінші сессиядан кейін өздерін жайлы сезіне бастағандығын айтты. Оларға ағылшын тілінде сөйлегенде олар аз қобалжып, сабырлы түрде жауап бере бастады. Ал жоғары деңгейдегі қатысушылар осы сегіз апта ішінде сөйлеу кезінде еркін сөйлеу қабілетін жақсартқандығы туралы айтты.

Жалпы, бұл қатысушылардың медиа сауаттылық деңгейі осы курстан кейін өте жақсы деп айтуға әбден болады. Әрине, әркімнің қабылдау деңгейі әр түрлі. Бір адамға көрінетін нәрсені екіншісі байқамауы мүмкін. Бірақ Coursera платформасындағы курс пен сессиялардағы талқылаулардың арқасында біздің қатысушыларымызда "медиа"деп аталатын фундамент қалыптасты деп айтуға болады. Өйткені сессияларда қатысушылар Coursera платформасында өткен материалдарға негізделген мәселелерді талқылайды. Бір қатысушы бірнеше басқа қатысушыларға бірдей сұрақ қоя алады. Сөйлесу белсенділігін арттырған тәсілдер джиг-соу, топта пікір алмасу, сауалнама, жұптық жұмыс болып табылды.. Мұндай міндеттер медиа сауаттылық деңгейін ғана емес, сонымен қатар сөйлеу және тыңдау сияқты дағдылардың деңгейін де жақсартты.

Қатысушылар өздерінің шағын жобаларын жасау қажет болған кезде әр сессияда жұмыла жұмыс істеді. Сессияға қатысу деңгейі бір сессияға келген адам саны 16-18 адамды құрайды. Келе алмаған жағдайларда міндетті түрде ескертіп отырды. Әр сессиядағы атмосфера қонақжай және қызықты болды. Біз әрқашан бір-бірімізге қолдау көрсетіп, бір-бірімізді демеп отырдық. Презентациядан кейін қатысушылар бір-бірінің жұмыстары мен идеяларына пікір білдіріп отырды, ал бұлар тіпті пікірталастарға да ұласып отырды.

Он тоғыз қатысушы сертификат алды (17 certificates of achievement, 2 certificates of attendance). Жобаның соңына қарай қатысушыларға Extension Activity for Media Literacy teaching деп аталатын байқау жарияланды. Бұл байқауға - БалданаТұрмағамбет, Әсел Махамбетова, Мақпал Сейтпанова, Аружан Оңғарбек, Назым Өміралы атсалысты.

https://padlet.com/esembaevamoldir29/v12gskftnv0cyx3c (week 4)

https://www.facebook.com/groups/834481146988513/permalink/1530853237351297/?mibextid=Nif5oz (session 1 photos and videos)

https://www.facebook.com/groups/834481146988513/permalink/1536666196770001/?mibextid=Nif5oz (session 2)

https://www.facebook.com/groups/834481146988513/permalink/1541278419642112/?mibextid=Nif5oz (training with Danara Saranova)

https://www.facebook.com/groups/834481146988513/permalink/1547471262356161/?mibextid=Nif5oz (session 3)

https://www.facebook.com/groups/834481146988513/permalink/1552936421809645/?mibextid=Nif5oz (session 4)

https://www.facebook.com/groups/834481146988513/permalink/1556216618148292/?mibextid=Nif5oz (session 5)
https://www.facebook.com/groups/834481146988513/permalink/1567762813660339/?mibextid=Nif5oz (session 6)